



## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2018 жылдың 06 маусымы

### Бүгін KASE "KASE Startup" алаңының презентациясын өткізді

2018 жылдың 06 маусымында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) "KASE Startup" алаңының ашылуына арналған іс-шара өткізді.

Стартап-компанияларды қаржыландыру инфрақұрылымдарын дамытуда маңызды элементтердің бірі – тікелей инвестиция қорлары мен жеке инвесторлардың стартап-компаниялар туралы ақпаратқа кешенді кіруіне рұқсатпен қамтамасыз ететін, жариялылық болып табылады. Биржа 25 жылдың ішінде эмитенттер мен инвесторлармен жүргізген жұмыс технологиясының арқасында, Биржа капиталға инвестиция тартуға мүдделі стартап-компанияларға оңтайлы талаптарды қалыптастырды.

Өткен жылдың сәуір айынан бастап стартап-компаниялардан 50 өтінім келіп түсті, олардың ішінде 10-ы құжат тапсыруға кірісті, ал 4-і "PACK MAN" ЖШС, "Allavin" ЖШС, "Подпиши Онлайн" ЖШС және "Smart Production" ЖШС KASE Startup алаңына рұқсат алды.

Құжат тапсырған стартап-компаниялардың ішінде жартысы IT саласына жатады, 20 % – қаржы, 10 % – энергетика, 20 % – өзге сала. Екі стартаптың өз өніміне авторлық құқығы бар. Стартап компаниялар түрлі даму кезеңінде тұр, бірақ негізгі бөлігі жұмыс істеуде немесе іске қосылайын деп жатыр, атап айтқанда – 40 % пайдалануда, 30 % пайдалануды іске қосуға дайындық кезеңінде, 20 % қолданыстағы прототип және 10 % прототиппен жұмыс жүргізуде. 80 % стартаптың инкубаторларда жетілдірілгенін атап айта кету қажет.

Іс-шарадағы спикерлер: KASE өкілдері, инвестициялық қорлар мен стартап-компаниялардың бизнес-инкубатор басшылары.

Іс-шараның мақсаты – кәсіпкерлер мен инвесторларды Қазақстан Республикасындағы жаңадан қадам басқан компанияларды қаржыландырудың жаңа бағыттарының пайда болуы туралы хабардар ету болып табылады. Қазақстан Республикасының экожүйесіндегі стартапты таныстырушы спикерлер осы саладағы негізгі даму трендтерімен бөлісті, қаржыландырудың тәжірибесімен және стартап-компанияларды дамыту жағдайларымен және өздері кездескен мәселелерімен бөлісті.

#### Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия әңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Тұрақты қор биржалары" Бастамасына қосылды. KASE ТМД елдері арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша екінші орында, ал FEAS биржаларының акциялар нарықтарының капитализациясы бойынша алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz